Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Өзін-өзі аттестаттау қорытындысының құжаттары

2026-2027 оқу жылы

Павлодар облысы білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауының қорытынды

А Н Ы Қ Т А М А С Ы

Бақылау түрі: Өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1.	Бельгибаева Айжан Мейрамовна	Мектеп директоры - комиссия төрайымы;
2.	Смагулова Нургуль Шарапхановна	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия төрағасының орынбасары;
3.	Нуртазина Жулдыз Нурланован	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
4.	Мусжанова Анар Даулетовна	директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
5.	Сальменова Айгуль Жаскайратовна	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
6.	Сальменов Куат Абугалиевич	директордың шаруашылық жөніндегі меңгерушісі– комиссия мүшесі;
7.	Тілеш Мөлдір Тасболатқызы	іс жүргізуші– хатшы;
8.	Турганбекова Тлеугайша	мектеп психологі – комиссия мүшесі;
9.	Кусайнова Айгерим Умлатовна	кітапханашы– комиссия мүшесі;
10	Шапуова Сандугаш Молдашевна	медбике – комиссия мүшесі;
11	Толыбаев Куаныш Багланбекович	ақпараттандыруға жауапты тұлға– комиссия мүшесі;

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

1) Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы;
2) кадрлық құрамды талдау;
3) білім алушылар контингенті;
4) оқу- әдістемелік жұмыс;
5) тәрбие жұмысы;
6) оқу- материалдық активтер;
7) оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар;

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру мекемесінің толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

БСН 980840002156 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылғы 12 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 24 тамыз 1998 жыл.

Заңды мекен-жайы: 140709, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Аққулы ауданы, Шарбақты ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, 1 ғимарат.

Электрондық мекен-жайы: scharbaqty.mektebi@yandex.kz

Интернеттегі ресми сайт: https://sharbakty.aqqulyroo.edu.kz

Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар:

https://www.instagram.com/sharbaqty_mektebi?exln=bXllNDMxM3U0ZHZt&utm_source=qr

Телефон, факс: 8(71839) 24408

Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87770687159, aizhanaizhan1977@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: мектеп директоры Бельгибаева Айжан Мейрамовна 2020 жылғы 16 наурызда Аққулы ауданы білім беру бөлімінің №12ж/қ бұйрығымен мекеменің директор лауазымына тағайындалды.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары

Мектеп бастауыш, негізгі және орта жалпы білім беруді мынадай құқық белгілейтін құжаттар негізінде жүзеге асырады:

Мекеменің техникалық паспорты 2026 жылы 11 ақпанда жасалған. Екі қабатты, құрылыс ауданы – 1412, жалпы ауданы – 2463,2, салынған жылы - 1966 жыл *(көшірме қосымша ұсынылады).*

«Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» КММ басқару органы - Павлодар облысының білім басқармасы.

«Лебяжі ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы № 599 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1,4189 га) кадастрлық номері: **14-209-135-279** *(көшірме қосымша ұсынылады).*

Білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БжҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мекеменің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 2 мамыр 2025 жылғы № KZ68LAM00002564

2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген Павлодар облысыныңибілім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы

Мекеменің қаржы-экономикалық жағы орталықтандырылған жүйе бойынша жүргізіледі. Мекеменің дербес шоты, мөрі бар.

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің

«Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің мектепішілік тәртіп ережелері

«Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Білім беру қызметін жүзеге асыруға құқықты қамтамасыз ететін құрылтай және рұқсат беру құжаттарыҚазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде білім беру ұйымының 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзін бағалауды жүргізді.

Мектепте педагогикалық кеңес қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Қамқоршылық кеңестің жұмысы «қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына сәйкес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына сәйкес ұйымдастылған.

Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының біліктілік талаптарына сәйкес келеді, тағайындау белгіленген тәртіппен рәсімделген.

№	ТАӘ	Лауазымы	Лауазымы бойынша еңбек өтілі	Жалпы еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Басшыны тағайындау
1	Бельгибаева Айжан Мейрамовна	Мектеп директоры	14 жыл 6 ай	30 жыл	2 санат	Бұйрық № 12 Ж/Қ 16.03.2020 «Аққулы ауданының білім бөлімі» КММ

Шарбақты жалпы орта білім беру мектебінің дамыту жоспары 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес 5 жылға әзірленген, нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтиже белгіленді. «Өмір сүруге бейім, жан-жақты дамыған, рухани бай, шығармашылық белсенділігі жоғары, білімді, ұлттық құндылықтрады бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» миссияға бағытталған.


Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйым қызметінің кадрлық құрамына талдау

Білім сапасы педагогтардың сапалық құрамына байланысты анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жасаудың барлық нормативтік құжаттары толық, кадрлар құрамы бойынша бұйрықтар кітабы уақытымен толтырылған, жеке еңбек шарттары жасалынған, мұғалімдердің жеке іс-қағаздары, аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары, мұғалімдердің курстан өтуінің перспективалық жоспары жасалынған. Кадрлар бойынша барлық есептер уақытында жасалып келеді.

Педагог кадрлардың құрамы «ҚР жалпы білім беру ұйымдарында қызметін ұйымдастыру тәртібі» туралы ережеге сәйкес, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға, педагогикалық шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді. Штаттық кестеге сәйкес мектеп педагогтармен қамтамасыз етілген. Мектепте 32 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде жоғары білімді мұғалімдердің үлесі 93,7%.

Мұғалімдердің 3 жылдық білім деңгейінің көрсеткіші

Оқу жылы	2024-2025 оқу жылы		2025-2026 оқу жылы		2026-2027 оқу жылы	
	мұғалім	%	мұғалім	%	мұғалім	%
Мұғалімдер саны	31	100	35	100	32	100
Жоғары білім	30	97	33	94	30	93,7
Арнаулы орта	1	3	2	6	2	6



Салыстырмалы анализ нәтижесі бойынша мектептегі мұғалімдердің білім деңгейі мен сапалық құрамы тұрақты деңгейде.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №

473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің **бастауыш білім беру** деңгейіндегі педагогтерің жалпы санынан үлесі.

Оқу жылы	Мұғалім саны	**Педагог-зерттеуші**	**Педагог-сарапшы**	Педагог-модератор	Педагог	**%**
2024-2025	6	**3**	**1**	-	2	**67%**
2025-2026	6	**3**	**1**	1	1	**67%**
2026-2027	6	**4**	**-**	2	-	**67%**

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан педагог-сарапшы, педагог-зерттеушінің жалпы санынан үлесі 2026-2027 оқу жылында 66,6% құрады.

Барлығы 6 педагог, оның 4-і педагог- зерттеуші (Бөшен Г.Д, Ракишева С.К, Сеилхан Б.М, Ағыбай М.Е).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі **67%.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің **негізгі орта және жалпы орта білім беру** деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі

Оқу жылы	Мұғалім саны	**Педагог-зерттеуші**	**Педагог-сарапшы**	Педагог-модератор	Педагог	**%**
2024-2025	26	**7**	**2**	10	7	**35%**
2025-2026	29	**7**	**5**	10	7	**41%**
2026-2027	26	**8**	**4**	9	5	**46%**

Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі жылдан жылға өсіп келетіні байқалады.

5-9 сыныптар негізгі орта және 10-11 сыныптардар жалпы орта білім беру деңгейінде барлығы – 26 педагог сабақ береді, оның ішінде 8 педагог-зерттеуші (Бельгибаева А.М, Мусжанова А.Д, Сальменова А.Ж, Турганбекова Т.Т, Тұрғанбек С.О, Тогузбаева К.Е, Нуртазина Ж.Н, Жумабаева Г.С), 4-і педагог-сарапшы (Амренова М.К, Ертай Ж.О, Қасымбай М, Капшаева Г.Т.), 9 педагог-модератор (Смагулова К.К., Мухтар Е.Б., Кусайынова Е.Н., Ахметжанов Д.Т., Досымгожина Н.Б., Иманханова Г.Е., Смагулова Н.Ш., Уахит С.К., Нурсултанова Ш.Ж.) 5-інде педагог (Толыбаев К.Б., Кусайынова А.У., Жумабеков А.С., Қабдрашит Б.Н., Тюлюмбаева А.М.) санаты бар.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі **46%**-ды құрайды.

Басшы, басшы орынбасарларының біліктілік санаттары бойынша

№	**ТАӘ**	**Лауазымы**	**Лауазымы бойынша еңбек өтілі**	**Біліктілік санаты**
1	Бельгибаева Айжан	Мектеп директоры	14 жыл 6 ай	2 санатты

	Мейрамовна			
2	Смагулова Нургуль Шарапхановна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	12 жыл	-
3	Нуртазина Жулдыз Нурлановна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	2 жыл 8 ай	-
4	Мусжанова Анар Даулетовна	Мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары	12 жыл	2 санатты
5	Сальменова Айгуль Жаскайратовна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	8 жыл	2 санатты

Педагог кадрларды аттестаттау үдерісін жүргізу бойынша жоспар құрылып, педагог кадрларды аттестаттау жоспар бойынша жүргізіледі. Жылда аттестациялық комиссия отырысының хаттамасы жазылып, бұйрықтары шығарылып, тіркеу журналына тіркеліп, біліктілік куәліктері беріледі. Мұғалімдердің жеке іс-қағаздарына аттестаттау бұйрығы мен куәліктерінің көшірмесі салынған. Мектептегі педагог кадрларды аттестаттау анализі олардың шығармашылық жұмысының өскенін, жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді.

Мектептегі кадрлармен жұмыстың негізгі мақсаты - мұғалімдер ұжымының сандық және сапалық құрамына талдау жасау, мұғалімдердің санатын және шеберліктерін көтеруге жағдай жасау, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық жағдайды арттыру, кадрлардың ағымын қадағалау.

Кадрлармен жұмысты мақсатты және жүйелі ұйымдастыру мектептегі кадр мәселесін шеше білді. Нәтижесінде ұжымда жағымды психологиялық жағдай қалыптасқан, бұл педагогтардың жайлы жағдайда жұмыс жасаудағы шығармашылығының көрінісі.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында комиссия мүшелері әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда мектеп жұмыстың түрлі формаларын қолданатындығы анықталды. Атап айтқанда, тақырыптық педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, мұғалімдердің өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша жұмыстары, пән апталықтары, сонымен қатар сабақтар, семинарларды өткізу және ұйымдастыруда, ата-аналармен, оқушылармен жеке әңгіме жүргізу барысында мұғалімге қажетті әдістемелік нұсқаулықтардың әзірлемелері дайындалады.

Комиссия мүшелері мектеп жұмысы жоспарының орындалуын тексеріп, педагогикалық кеңес отырыстары, практикалық семинарлар және кадрларды аттестаттау жұмысы мектептің перспективті жоспарымен сәйкес келетіндігін анықтады.

Педагогикалық кеңес хаттамалары тақырыпқа сәйкес, олардың өткізілу саны нормативтік талаптарға сай. Педкеңес шешімдері тіркеледі, олардың орындалуы мектеп әкімшілігімен бақыланады. Білім қызметкерлерінің кәсіби және үздіксіз дамуы, олардың білім берудің инновациялық технологияларын қолдану барысында озық дайындығы білім сапасын көтерудің басты шарты болып табылады.

Педагогикалық ұжымның біліктілігін жетілдіру бойынша мәлімет.

Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуі мектеп әкімшілігінің негізгі міндеттерінің бірі, мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсету, мектепішілік әдістемелік жұмысты жүйелі жүргізу арқылы санатын көтеру және білімін жетілдіру курстарына жіберу арқылы мұғалімдердің санатын көтеру болып табылады. Осы мақсатта Павлодар қаласының жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Курстық даярлықтан өткізу білім жүйесінің дамуының басым бағыттары мектептің жылдық жоспарына сәйкес, сондай-ақ "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Павлодар филиалы мен ПШО білім жетілдіру курстарына сәйкес мектеп ұжымында барлық мұғалімдер оқу-тәрбие үдерісінде бірегей жұмыс жасау үшін курстық даярлықтан өткен.

Басшы кадрлардың біліктіліктілігін арттыру туралы мәлімет

№	ТАӘ	Лауазымы	Курс атауы	Оқыған ұйымның атауы, оқыған уақыты
1	Бельгибаева Айжан Мейрамовна	Мектеп директоры	«Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент»	“НЗМ” ДББҰ ПШО 23.10.2023-05.04.2024

2	Смагулова Нургуль Шарапхановна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент»	“НЗМ” ДББҰ ПШО 25.05.2026-08.06.2026
3	Нуртазина Жулдыз Нурлановна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент»	“НЗМ” ДББҰ ПШО 28.10.2025-10.11.2025
4	Мусжанова Анар Даулетовна	Мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент»	“НЗМ” ДББҰ ПШО 25.05.2026-08.06.2026
5	Сальменова Айгуль Жаскайратовна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент»	“НЗМ” ДББҰ ПШО 25.05.2026-08.06.2026

1 басшы, 4 басшы орынбасары біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Басшылардың біліктілік арттыру курстарынан өту **үлесі – 100%.**

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер үлесі

Оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы
	Мұғалім саны-32	Мұғалім саны -35	Мұғалім саны-32
«Өрлеу» БАҰО АҚ	2	5	2
«НЗМ» ДББҰ ПШО	9	4	8
Басқа мекеме	5	1	7
Барлығы	16	10	17

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс жіберілді, кезең бойынша мұғалімдер курсқа уақытында жіберіледі.

Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан қазіргі таңда өткен педагогтердің **үлесі - 100%.**

2024-2025 жылы 16 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Бельгибаева А.М. «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент», Ағыбай М.Е. «Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» тақырыбында, Ракишева С.К. «Бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту», Кусайынов Е.Н., Уахит С.Қ., Мухтар Е.Б. «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары», Сальменова А.Ж. «Көркем еңбек пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру», Капшаева Г.Т. «Информатика пәнін оқытудағы педагогикалық инновациялар: педагогтердің кәсіби өсуіне арналған трендтер мен практикалық стратегиялар», Нуртазина Ж.Н. «Информатика пәнін оқытудағы педагогикалық инновациялар: педагогтердің кәсіби өсуіне арналған трендтер мен практикалық стратегиялар», Смагулова К.К. «Биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту», Досымгожина Н.Б. «Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" мен "Қазақ әдебиеті" пәндері мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту», Ертай Ж.О «Развитие предметных компетенций учителей русского языка и литературы (классов с нерусским языком обучения)», Иманханова Г.Е. «Ағылшын тілі мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту», Смагулова Н.Ш. «Развитие предметных компетенций учителей русского языка и литературы (классов с нерусским языком обучения)», Тогузбаева К.Е. ««Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру», Тұрғанбек С.О. «АӘТД педагог-ұйымдастырушыларының пәндік құзыреттіліктерін дамыту (10-11 сыныптар)» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2025-2026 оқу жылы 10 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Нуртазина Ж.Н. «Білім берудегі менеджмент» тақырыбында, Когобаева А.Е. «Бастауыш сынып педагогтерінің құзыреттілігін жетілдіру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту», Сеилхан Б.М. және Шамархан А.Д. «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың тиімді тәжірибесі.», Капшаева Г.Т. «Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдістемелер», Қабдрашит Б.Н. «Химияны оқытудағы инновациялар мен заманауи технологиялар», Қасымбай М.Қ. «Функционалды математикалық сауаттылық: әдістер мен технологиялар.», Нуртазина Ж.Н. «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: математиканы оқытудың тиімді тәжірибесі.», Толыбаев К.Б. «Практико-ориентированное обучение физике на основе межпредметной интеграции.», Мусжанова А.Д. «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) пәні педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2026 -2027 оқу жылы 17 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Сальменова А.Ж., Мусжанова А.Д., Смагулова Н.Ш. «Білім берудегі менеджмент», Бөшен Ғ.Д. «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың тиімді тәжірибесі.», Уалиханова Г.С. және Сагинтаева С.С «Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту», Жумабеков А.С. «Көркем еңбек пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру», Жумабаева Г.С.

«Новые подходы реализации Государственного общеобязательного стандарта образования: от цели к ожидаемым результатам. «География», «Құқық» негіздері пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру», Шамархан А.Д. «Информатика пәнін оқытудағы педагогикалық инновациялар: педагогтердің кәсіби өсуіне арналған трендтер мен практикалық стратегиялар», Амренова М.К. «Тарих және құқық негіздері: оқытудағы жаңа технологиялар», Ахметжанов Д.Т. «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру», «География пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру», Бельгибаева А.М. «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі», Кусайынова А.У. «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: ағылшын тілін оқытудың тиімді тәжірибесі», Тогузбаева К.Е. «Современные подходы к повышению профессиональной компетентности педагогов русского языка и литературы через исследовательскую деятельность обучающихся», Турганбекова Т.Т. ««Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру», Сагинтаева С.С. «Кітапханашылардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.», Турганбекова Т.Т. «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттердің, психологтардың, логопедтердің, дефектологтардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру», Тюлюмбаева А.М. «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттердің, психологтардың, логопедтердің, дефектологтардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Біліктілік талаптарына сәйкес кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттырудан өткен педагогтердің үлесі 100%-ы құрайды.

Білім беру ұйымдары сыныптарының толықтырылуы.

Мектеп бойынша 3 жылғы салыстырмалы сыныптар контингенті төмендегідей:

Оқу-тәрбие үдерісі 2 ауысымда ұйымдастырылған. Оқыту тілі – аралас.

Оқушылар саны - 161, оның ішінде:

1-4 сыныптарда – 67 оқушы

5-9 сыныптарда – 77 оқушы

10-11 сыныптарда – 17 оқушы

Сынып-жиынтық: 18

1-4 сыныптар -7

5-9 сыныптар- 8

10-11 сыныптар - 3

Оқушылардың жалпы саны	**2024-2025 оқу жылы**	**2025-2026 оқу жылы**	**2026-2027 оқу жылы**
Жыл басындағы	164	162	160
Жыл барысында келгендер	4	4	2
Жыл барысында кеткендер	9	1	1
Жыл аяғындағы оқушылардың саны	159	165	161

2026-2027 оқу жылының басындағы оқушы контингенті 160 оқушыны құраса, I тоқсанның соңында 161 оқушыны құрауда. 2024-2025 о.ж. басында 164 оқушы,жылдың аяғында төрт оқушы келді,тоғыз оқушы отбасылық жағдайға байланысты басқа мектепке ауысты, жылдың аяғында 159 оқушы болды. 2025-2026 о.ж. басында 162 оқушы құраса, бір оқушы отбасылық жағдайға байланысты басқа мектепке ауысты, ал төрт оқушы келді, жылдың аяғында 165 оқушы болды.

Барлық мектеп жасындағы оқушылардың міндетті орта біліммен қамтылуы әкімшілік тарапынан бақылауда тұрады. 10 күннен астам себепсіз сабақ босататын оқушылар жоқ. Оқушыларды жалпы оқумен қамту директор жанындағы жиында, әкімшілік отырыстарда жүйелі түрде қаралады.

Мектеп құжаттары нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Қатаң үлгідегі құжаттардың жүргізілуі куәлік, аттестатты есепке алу және беруді тіркеу үнемі бақылауда тұрады.

Мектептің алфавиттік кітабы нөмірленген, тігілген және директордың қолымен бекітілген. Алфавит кітабына оқушылардың келу, кету қозғалысы уақытында тіркеледі. Оқушылардың үлгерім табельдерін тіркеу журналы жүргізіледі. Оқушылардың қозғалыс есебі тоқсан сайын және оқу жылының соңында

есепке алынады. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы жылына 2 рет қаралады, мәліметтердің бұйрық кітаптарына, алфавиттік кітап пен сынып журналдарына сәйкестігі тексеріледі.

Оқу- материалдық активтер

Мектепте білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға, білім алушылардың жан-жақты дамуына және педагогтердің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруына қажетті оқу-материалдық база қалыптастырылған.

Мектеп ғимаратының іргетасы 1966 жылы қаланды, 2025 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жасалды (мектептің қабырғалары тегістелді, есіктер ауыстырылды, дәліздерде еденге кафель төселді, шатыр толық ауыстырылды, мектеп ауласына брусчатка төселді, электроқұрылғылар, электрсымдар, жылыту жүйесі, интернет желісінің жүйесі толық ауыстырылды, мектептің сырты жөнделді). Мектепте жалпы саны 18 оқу кабинеті бар. Сонымен қатар білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, психологиялық қолдау көрсетуге және оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға арналған арнайы кабинеттер жұмыс істейді. Оқу кабинеттері пәндік бағыттарға сәйкес ұйымдастырылып, оқу бағдарламаларын іске асыруға, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған.

Мектептің оқу кабинеттері төмендегі бағыттар бойынша ұйымдастырылған:

- қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті;
- орыс тілі мен әдебиеті кабинеті;
- ағылшын тілі мен әдебиеті кабинеті;
- математика кабинеті;
- география кабинеті;
- тарих кабинеті;
- БӘД кабинеті;
- информатика және жасанды интеллект кабинеті;
- информатика және робототехника кабинеті;
- үш бастауыш сынып кабинеті;
- мектепалды даярлық тобының кабинеті;
- физика кабинеті және зертханасы;
- химия кабинеті және зертханасы;
- биология кабинеті және зертханасы;
- қыздарға арналған технология кабинеті;
- ұлдарға арналған технология кабинеті;

Сонымен қатар: спорт залы, медициналық пункт, ұлдарға арналған әжетхана, қыздарға арналған әжетхана бар.

Медициналық пункт толық жабдықталған, аудандық аурухана мен білім беру мекемесі арасындағы медициналық қызметке арналған №10 09.10.2025 ж келісімшарт бар.

Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар 01.11.2012 №39.

Медициналық қызметке лицензия 29.12.2018 год № 18023621.

Аталған кабинеттер білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға және пәндердің ерекшеліктеріне сәйкес сабақтар өткізуге арналған.

Жаратылыстану бағытындағы физика, химия және биология пәндеріне арналған жаңа модификациядағы кабинеттер мен зертханалардың болуы зертханалық және практикалық жұмыстарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын, ғылыми ойлау қабілетін және пәндік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Информатика және жасанды интеллект кабинеті білім алушылардың цифрлық сауаттылығын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын және жасанды интеллект саласындағы бастапқы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.

Информатика және робототехника кабинеті алгоритмдік ойлау, бағдарламалау, құрастыру және техникалық шығармашылық дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Үш бастауыш сынып кабинеті мен мектепалды даярлық тобының кабинеті балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім алуына, бастапқы оқу дағдыларын қалыптастыруға және мектепке бейімделуіне қолайлы білім беру ортасын ұйымдастыруға арналған.

Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі мен әдебиеті кабинеттері тілдік құзыреттілікті, оқу сауаттылығын, ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын дамытуға

бағытталған. Математика, география және тарих кабинеттері пәндік білімді меңгертуге, логикалық ойлау мен дүниетанымды кеңейтуге мүмкіндік береді.

БӘД кабинеті білім алушылардың бастапқы әскери дайындық бойынша білімдерін қалыптастыруға және азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Мектепте оқу-тәрбие процесін қолдауға арналған психолог кабинеті, аға тәлімгер кабинеті және әдістемелік кабинет бар.

Психолог кабинеті білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге, олардың эмоционалдық жағдайын бақылауға, бейімделуіне және жеке даму ерекшеліктерін ескеруге жағдай жасайды.

Аға тәлімгер кабинеті оқушылардың өзін-өзі басқаруын, көшбасшылық қабілеттерін, азаматтық белсенділігін және тәрбие бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіруге арналған.

Әдістемелік кабинет педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға, әдістемелік құжаттарды жүйелеуге, тәжірибе алмасуға, оқу-әдістемелік жұмыстарды жоспарлауға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

2025 жылы жаңартылған мектептегі физика, химия және биология кабинеттері зертханаларымен бірге жұмыс істейді. Жаңа модификациядағы кабинеттердің болуы пәндер бойынша практикалық және зертханалық сабақтарды ұйымдастыруға негіз болады.

Зертханалық құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану, олардың жарамдылығын бақылау, есепке алу және сақтау, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау оқу процесін ұйымдастырудағы маңызды міндеттер болып табылады.

Технология кабинеттері білім алушылардың еңбек дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін, практикалық іскерлігін және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мектептің оқу-материалдық активтерін тиімді пайдалану білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқу кабинеттеріндегі жиһаздар, техникалық құралдар, зертханалық жабдықтар және басқа да материалдық құндылықтар белгіленген тәртіппен есепке алынып, олардың сақталуы мен жарамдылығына бақылау жүргізілуі тиіс.

Оқу кабинеттерінің санитариялық жағдайын сақтау, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, жабдықтарды ұқыпты пайдалану және материалдық-техникалық базаны кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары тұрақты назарда болуы қажет.

Мектептегі компьютерлер саны – 94, оның ішінде 2020 жылы алынған ноутбуктер - 30- компьютер-10 (42,5% жаңартылды). Сонымен қатар планшет – 8, Veb -камера - 4, интербелсендіі тақта - 8, теледидар -1.

Жүргізілген өзін-өзі талдау нәтижесінде мектепте пәндік бағыттар бойынша оқу кабинеттері, жаңа модификациядағы жаратылыстану пәндерінің зертханалары және оқу-тәрбие процесін қолдайтын қосымша функционалдық кабинеттер бар екені анықталды.

Мектептің оқу-материалдық базасы тілдік, математикалық, жаратылыстану-ғылыми, цифрлық, технологиялық және тәрбиелік бағыттар бойынша білім беру міндеттерін іске асыруға жағдай жасайды.

Сонымен қатар психолог, аға тәлімгер және әдістемелік кабинеттерінің болуы білім алушыларға қолдау көрсетуге, тәрбие жұмысын ұйымдастыруға және педагогтердің әдістемелік қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мектептің оқу-материалдық базасы білім беру процесінің негізгі бағыттарын қамтиды. Оқу кабинеттерінің пәндік ерекшеліктерге сәйкес ұйымдастырылуы, жаңа модификациядағы зертханалардың болуы және қосымша функционалдық кабинеттердің жұмыс істеуі білім алушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай қалыптастырады.

Жалпы, мектепте оқу-материалдық базаны тиімді пайдалануға, білім беру сапасын арттыруға және білім алушылардың жан-жақты дамуына бағытталған жағдайлар қалыптастырылған.

Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты “DD Real group” ЖШС жасалды (31 желтоқсан 2026 жыл). 2025 жылы мектепте 21 бейнебақылау камералары орнатылды, 10 сыртқы және 10 ішкі.

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін асхана бірінші қабатта орналасқан, асхана 80 орындық.

Білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге арналған келісімшарт «Аргын» ЖК жасалған.

16.06.2026 жыл № 30 өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру туралы акт бар.

Ауыз су режимі сақталады, бұйрық бойынша жауапты адам белгіленді. ҚР ДСМ 05.08.2021жылға № 76 бұйрығы талаптарына сай шайнектегі қайнатылған су ауыстырылады. Ыдыс жүйелі түрде жуылып, дезинфекциядан өтеді. Таңбаланған ыдыс пайдаланады. Қайнаған ауыз су 3 сағат сайын ауыстырылып отырады.

Алдағы уақытта:

1. Оқу кабинеттерінің материалдық-техникалық жабдықталуын жүйелі түрде бақылау.
2. Зертханалық және технологиялық жабдықтардың жарамдылығы мен қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету.
3. Информатика, жасанды интеллект және робототехника бағыттарындағы оқу мүмкіндіктерін кеңейту.
4. Оқу-материалдық активтерді есепке алу және түгендеу жұмыстарын уақытылы жүргізу.
5. Қажеттілігіне қарай кабинеттердің жабдықталуын жаңарту және оқу ресурстарын толықтыру ұсынылады.

Оқу-әдістемелік жұмыс

Мектептің 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарларына сай оқу-тәрбие үрдісі ұйымдастырылды. Жылдық қорытындысы бойынша талдаулар жасалып, жіберілген кемшіліктерге ерекше назар аударылып жұмыстар жоспарларынып, жүзеге асты. 2024-2025 оқу жылдары ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуы бойынша мектеп жасындағы балаларды орта біліммен толық қамту бөлігінде педагогикалық ұжымның жұмыс жоспары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар, базистік оқу жоспары бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау жүргізілуде. Педагог кадрлармен жұмыс барысында, педагог кадрлар туралы жалпы мәлімет жасақталды. Мектепте критериалды бағалау жүйесін ұйымдастырудағы жауапты қызметкерлердің міндеттемелері орындалуда. Педагогикалық кадрлардың аттестаттау бойынша жұмыстар жүруде. Педагогикалық кеңес жұмысы, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, пән апталықтары жоспарға сай өткізілуде.

Мектебіміздегі әдістемелік қызмет 4 бағытта жұмыс жасап келеді: бастауыш сынып бірлестігі, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бірлестігі, жаратылыстану-математикалық бірлестігі, эстетикалық әдіс бірлестігі..

Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен тиімділігін бақылау, бағалау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, талдау қорытындылары педагогикалық кеңесте, әдістемелік кеңесте, әдістемелік бірлестік және директор жанындағы отырыстарда қаралып, тиісті түзетулер енгізіледі.

Дарынды оқушылармен жұмыстың 3 бағыты

1. Пәндік білімді шыңдайтын пәндік олимпиадалар;
2. Түрлі шығармашылық сайыстар мен байқауларға қатыстыру арқылы дарынды оқушыларды анықтау және шығармашылығын дамыту;
3. Оқушыларды ғылымға баулудағы ғылыми жобалар сайысы.

Мұғалімдердің дарынды оқушылармен жүйелі жұмысы нәтижесінде мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орындар алуда.

2024-2025 оқу жылы

№	Аты-жөні	Конкурс	Нәтиже
		Республикалық	
1.	Сәкенқызы Қадиша	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
2.	Шарапхан Айзере	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
3.	Кусайнова Курай	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
4.	Ерғанат Ернұр	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
5.	Дәулетхан Елхан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
6.	Марат Айлин	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
7.	Ерғанат Аделя	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
8.	Қаиржан Медина	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
9.	Арын Мұхаммедғали	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
10.	Төлеутай Жалғас	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
11.	Садвакасова Жансель	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3 орын
12.	Қайыржан Мұстафа	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3 орын
13.	Абдешова Аружан	IQanat	I кезең жеңімпазы
14.	Берікбол Қарақат	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3 орын
15.	Құсайын Дінмұхаммед	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3 орын
16.	Берікбол Қарақат	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
17.	Мухтабай Гүлнәз	«Мың бала»	1 орын
18.	Базылгазина Аруна	«Мың бала»	1 орын
19.	Амангельды Абылай	«Мың бала»	1 орын
20.	Қизат Төрежан	«Мың бала»	1 орын
21.	Сайлау Сезім	«Мың бала»	1 орын
22.	Ерғанат Ернұр	«Кенгуру» ойын-конкурсы	3 орын
23.	Қаиржан Медина	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3 орын
24.	Ерғанат Аделя	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3 орын
25.	Кусаинова Курай	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3 орын
26.	Мұхтар Аружан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
27.	Шарапхан Айзере	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
28.	Дәулетхан Елхан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
29.	Сәкенқызы Қадиша	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
30.	Марат Айлин	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
31.	Төлеген Наима	«Кітап әлемінің шеберлері»	1 орын
32.	Дәулетхан Елхан	«Кітап әлемінің шеберлері»	1 орын
		Облыстық	
1.	«Жас шешен» командасы	Газизова Роза Мамаевнаның құрметіне арналған «BE GENIUS» көптілдік сайысы	3 орын
2.	Амангельды Абылай	«Жас кемеңгер»	3 орын
		Аудандық	
1.	Серікболат Дарина	«Шақырады көктем» атты поэзиялық кеш	3 орын
2.	Кайдарова Айнара	Қазақстан тарихы пәнінен олимпиада	3 орын
3.	Кайдарова Айнара	«Менің кіші Отаным»	2 орын
4.	Абдешова Аружан	«Менің кіші Отаным»	2 орын
5.	Қизат Төрежан	Математика пәнінен олимпиада	3 орын

6.	Серікболат Дарина	«Менің кіші Отаным»	2 орын
7.	Абдешова Аружан	V облыстық гуманитарлық олимпиада	3 орын

2025-2026 оқу жылы

№	**Оқушының аты-жөні**	**Конкурс**	**Нәтиже**
Республикалық			
1	Қайыржан Мұстафа	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1орын
2	Садвакасова Жансель	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
3	Сержан Айым	«Кенгуру» ойын-конкурсы	3 орын
4	Сагындыков Ердаулет	«Кенгуру» ойын-конкурсы	3 орын
5	Кусайнова Жупар	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
6	Төлеген Раяна	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
7	Сайлау Әмина	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
8	Таургалин Айсултан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
9	Зияш Айша	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
10	Сайлау Әмина	«Кенгуру» ойын-конкурсы	2 орын
11	Зияш Айша	«Кенгуру» ойын-конкурсы	2 орын
12	Бөшен Батыр	«Кенгуру» ойын-конкурсы	2 орын
13	Тауыргалин Айсултан	«Кенгуру» ойын-конкурсы	2 орын
14	Асылбеков Алдияр	«Кенгуру» ойын-конкурсы	2 орын
15	Кусайнова Жупар	«Кенгуру» ойын-конкурсы	2 орын
16	Ербала Қайсар	«Кенгуру» ойын-конкурсы	1 орын
17	Қоғобай Айсана	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
18	Асылбеков Асанали	«Кенгуру» ойын-конкурсы	3 орын
19	Құсайын Дінмұхаммед	«Мың бала»	1 орын
20	Берікбол Қарақат	«Мың бала»	1 орын
21	Сагындыкова Инкара	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
22	Илюбай Наргиз	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
23	Берікбол Қарақат	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2 орын
24	Балтабек Әбілмансұр	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
25	Нуртазинов Олжас	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
26	Рахымжанов Ерасыл	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
27	Тоқболат Алихан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
28	Сержан Айым	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
29	Сагындыков Ердаулет	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
30	Нұрлан Айхан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1 орын
Облыстық			
1	Қизат Төрежан	«Ұлттық спорт күні» ашық біріншілігі қазақ күресі.	1 орын
2	Қизат Төрежан	Жасөспірімдер арасында қазақ күресі турнирі.	1 орын
3	Кусаинова Жұпар	«Жас кемеңгер»	3 орын
4	Мектепалды сынып	«Менің елім-менің бақытты балалық шағым»	«Үздік би ұжымы»

			номинация
5	Уалиханова Г.С	«Бүлдіршін- 2026» шығармашылық фестиваль	
6	Жаңғазы Райхан	«Жас кемеңгер»	1 орын
7	Кусаинова Жұпар	«Жас кемеңгер»	1 орын
		Аудандық	
1	Ерғанарт Аделя	Орыс тілі және әдебиеті пәнінен олимпиада	3 орын
2	Мухтабай Гульназ	«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы	3 орын
3	Асылбекова Амина	«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы	2 орын
4	Серікболат Дарина	«Ілияс оқулары»	3 орын
5	Бауыржанқызы Сандина	Математикалық турнир	3 орын
6	Мектепалды сынып	«Бүлдіршін» фестивалі	1 орын
7	7-8 сынып	География пәнінен	3орын
8	Каидарова Айнара	Қазақстан тарихы пәнінен олимпиада	1 орын
9	Каидарова Айнара	«Менің кіші отаным» интеллектуалдық конкурс	1 орын
10	Ербала Қайсар	Математаика пәнінен олимпиада	2 орын
11	Болатбекқызы Айзере	«Жауқазын» олимпиадасы	«Алғыр балақан» номинациясы
12	Мектепалды сынып	Менінің елім – менің бақытты балалық шағым	2 орын
13	Ерғали Темірхан	«Заң мен тәртіп» сурет көрмесі	3 орын
14	Серікболат Дарина	«Ақберен» өнер байқауы	3 орын
15	Тохтар Ғазизолла	География пәнінен олимпиада	3 орын

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі

(Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)

2024-2025 оқу жылында мектепте 16 сынып (1-11 сыныптар), 15 сынып-комплект, 138 оқушы бар. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

2024-2025оқу жылына арналған оқу жоспарын құруда мынадай ерекшеліктер ескерілді:

1. Мектепалды даярлық сыныптары/топтарында

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

2. 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1-қосымшасы;
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);
- Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 175-қосымшасы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығына 1-қосымша)

3) 5- 9-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық).

4) 2024-2025 оқу жылында мектептің оқу жоспарындағы вариативтік компонент сағаттары төмендегідей бөлінді:

1-4 сыныптарға вариативтік оқу жүктемесінен 1-сыныпқа әріптер мен элементтерді дұрыс, әрі

біркелкі жазуға, олардың биіктігін, көлбеуін және арақашықтығын сақтауға үйрету. Саусақ бұлшықеттерін нығайтып, қол мен көздің үйлесімді жұмыс істеуін дамыту. Бұл өз кезегінде баланың ойлау қабілеті мен сөйлеу тілінің дамуына да оң әсер етеді; тек «әдемі әріп жазуды» ғана емес, сонымен қатар оқушының төзімділігін, зейінін, ұқыптылығын және өз жұмысына деген жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған маңызды кезең болып табылады, осы мақсаттпен 1 «ә» және 1 «а» сыныптарында «Көркем жазу» курсына 1 сағат; математикалық білім, білік дағдыларын қалыптастыру, тиянақтау, бақылау мақсатында 2-сыныпқа «Цифрлар сөйлейді» курсына 1 сағат, «Көркем сөз» курсына 1 сағат; 3-сыныпқа жеке тұлғаның таным белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту мақсатында «Шексіз математика» курсына 1 сағат; 4-сыныпқа «Қызықты математика» курсына 1 сағат.

Орта буында 5-9 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағаттан жалғастырылады.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттіліктер»курсы. Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. 5-8 сыныптарда курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері». «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;6 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат; 7 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат; 8 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат; 9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат. Әр сынып үшін сағат саны мен күтілетін нәтижелерді көрсететін әр түрлі бірліктер ұсынылды. Ұсынылған курс тақырыбы 5-9 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды.9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған. «Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды: 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.10- сынып: Элективтік курс аясында аясында - «Математикалық сауаттылығы» -1 сағат (алгебра пәні). Элективтік курс аясында – «Функционалды сауаттылық тұлға қалыптастырудың негізі» -1 сағат (қазақ тілі пәні) 11 –сынып: Элективтік курс аясында – Грамматика әлемінде «In the world of grammar» -1 сағат (ағылшын пәні).Элективтік курс аясында - «Физика сабағында есептер шығару әдіс-тәсілдері» -1 сағат (физика пәні). Пән мұғалімдері аталған курстарға арнайы авторлық бағдарламалар құрастырып, жұмыс жасайды.

Жұмыс оқу жоспары «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы талаптарына сай құрастырылды.1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. 5-8-сыныптарда «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналында жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі 1 «ә» -сыныпта 19,5с.,1 «а» -сыныпта 19,5., 2-сыныпта – 24 с., 3-сыныпта – 26 с., 4-сыныпта – 26 с., 5-сыныпта – 28,5 с., 6-сыныпта – 28,5 с., 7 «ә» -сыныпта – 31,5 с.,7 «а»-сыныпта - 31,5 с.,8-сыныпта – 32,5 с., 9-сыныпта – 34 с.,10- сыныпта – 35 с., 11-сыныпта 35 с., 6-орыста – 29,5., 8-орыста -33,5 с.,10-орыста – 36 с.,сағатты құрайды.

2025-2026 оқу жылында мектепте 19 сынып (1-11 сыныптар), 17 сынып-комплект, 153 оқушы бар. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда – 34 оқу аптасын

құрайды.

2025-2026 оқу жылына арналған оқу жоспарын құруда мынадай ерекшеліктер ескерілді:

1. Мектепалды даярлық сыныптары/топтарында

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

2. 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024ж. № 27 бұйрығының 1-қосымшасы;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

2025-2026 оқу жылында облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мекемесінің 2025 жылдың 05 мамырында берілген психологиялық-медициналықпедагогикалық консультацияның №9879 қорытындысын негізге ала отырып 6-сынып оқушысы Сейлхан Ақжарқын инклюзивті білім берумен қамтылды. Қорытынды: жеңіл түрдегі зияттың бұзылуы(мектепті аяқтағанға дейін берілген). Оқушыға білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша төмендегі ұсынымдар берілді: 1. Жеке оқу бағдарламасы бойынша бастауыш білім/негізгі орта білім беретін жалпы мектептің сыныбы жағдайында оқыту 2. Оқыту нәтижелерін және критерийлерін бағалау тәсілдерін өзгерту 3. Зияты зақымданған балаларға арналған арнайы оқулықтарды пайдалану 4. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: психологпен 5. ППТК жағдайында дефектологпен жаттығу. 2025-2026 оқу жылына арналған инклюзивті білім берудің жұмыс оқу жоспары –«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы « 26 » қазандағы №323 бұйрығының 9-қосымшаның 7- тарауы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары негізінде құрылды.

2024-2025 оқу жылында облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мекемесінің 2025 жылдың 22 сәуірінде берілген психологиялық-медициналық педагогикалық консультацияның №9790, № 9792,№ 9793 қорытындысын негізге ала отырып 2-сынып оқушысы Илюбай Алишер, 4-сынып оқушысы Нұрмағанбет Зейнұр, 5-сынып оқушысы Нұрмағанбет Мансұр инклюзивті білім берумен қамтылды. Қорытынды: Психикалық дамудың тежелеуі (мектепті аяқтағанға дейін берілген). Оқушыларға білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша төмендегі ұсынымдар берілді: 1. Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбы жағдайында бастауыш/негізгі орта білімнің жалпы білім беру бағдарламасы бейімдеу. 2. Оқыту нәтижелерін жеке критерийлерін бағалау тәсілдерін өзгерту. 3. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: психологпен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы *(Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 2-тарау 3 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 4-тармағы «Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу мен сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтің ұсыныстары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады)* негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу кестелері құрылған. Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik. kz» электронды журналы арқылы мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес зерделенді.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау

Емтихандарды тапсыру, білім алушыларды ауыстыру және бітірушілерді тапсыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алдынды.

Жыл сайын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 9,11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар қоғамдастығы арасында қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік қағидаларын зерделеу бойынша тапсырмалар берілді. Қорытынды аттестацияға дайындық барысында психологиялық қолдау көрсету аясында мектеп психологы, сынып жетекшілерімен психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізілді. Педагогикалық кеңестерде 9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу сұрақтары қаралды (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау хаттамаларының көшірмелері, сонымен қатар осы 14-өлшемшарттардың 2-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

2024-2025 оқу жылы
9- қазақ сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	10	10	-	5	5	0	100
Математика (алгебра)	10	10	-	4	6	40	100
Орыс тілі мен әдебиеті	10	10	1	4	5	50	100
Қазақстан тарихы	10	10	2	5	3	70	100

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9- сыныптың 10 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

Жалпы білім сапасы 52% көрсетті.

2025-2026 оқу жылы
9- қазақ сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	15	15	7	6	2	86	100
Математика (алгебра)	15	15	4	7	4	73	100
Орыс тілі мен әдебиеті	15	15	9	4	2	86	100
Қазақстан тарихы	15	12	5	6	1	91	100
Информатика	1	1	1			100	100
География	2	2	-	2		100	100

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9- сыныптың 15 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

Жалпы білім сапасы 89% көрсетті.

2025-2026 оқу жылы
9- орыс сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі мен әдебиеті	1	1	-	1	-	100	100
Математика (алгебра)	1	1	-	1	-	100	100
Орыс тілі мен әдебиеті	1	1	1	-	-	100	100
Биология	1	1	-	1	-	100	100

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9- сыныптың 1 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

Жалпы білім сапасы 100% көрсетті.

2024-2025 оқу жылы
11-қазақ сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгері мі %
Қазақ тілі	5	5	3	2	-	100	100
Математика (алгебра)	5	5	1	4	-	100	100
Орыс тілі мен әдебиеті	5	5	4	1	-	100	100
Қазақстан тарихы	5	5	1	4	-	100	100
Дүниежүзі тарихы	5	5	2	3	-	100	100

Жалпы орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 11- сыныптың 11 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

Жалпы білім сапасы 100 % көрсетті.

2025-2026 оқу жылы
11-қазақ сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі%
Қазақ тілі	11	11	5	6	-	100	100
Математика (алгебра)	11	11	4	7	-	100	100
Орыс тілі мен әдебиеті	11	11	8	3	-	100	100
Қазақстан тарихы	11	11	7	4	-	100	100
Информатика	1	1	1	-	-	100	100
География	11	1	1	-	-	100	100
Физика	11	2	-	2	-	100	100
Биология	11	3	1	2	-	100	100
Дүниежүзі тарихы	11	2	1	1	-	100	100
Құқық негіздері	11	2	2	-	-	100	100

Жалпы орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 11- сыныптың 11 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

Жалпы білім сапасы 100% көрсетті.

2025-2026 оқу жылы

11-орыс сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі мен әдебиеті	2	2	-	1	1	50	100
Математика (алгебра)	2	2	-	1	1	50	100
Русский язык	2	2	1	1	-	100	100
История Казахстана	2	2	1	1	-	100	100
Геометрия	2	1	-	1	-	100	100
Основы права	2	1	-	1	-	100	100

Жалпы орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 11-орыс сыныптың 2 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

Жалпы білім сапасы 83% көрсетті.

2024-2025 оқу жылы.

Қазақ тілі бойынша емтихан 5-8, 10-сынып

Сынып	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
5-сынып	13	13	0	8	5	61	100
6-сынып	17	17	4	4	9	47	100
6-орыс	1	1	0	0	1	0	100
7«а» -сынып	11	11	0	9	2	82	100
7 «ә»-сынып	5	5	2	2	1	80	100
8-сынып	14	14	7	5	2	86	100
8-орыс	1	1	0	1	0	100	100
10-сынып	11	11	3	7	1	91	100
10-орыс	2	2	0	2	0	100	100

Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында ұйымдастырылып, 5-8,10 сынып оқушылары толықтай емтиханға қатысты.Жалпы білім сапасы 72%.

2025-2026 оқу жылы.

Қазақ тілі бойынша емтихан 5-10-сынып

Сынып	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
5-сынып	14	14	4	6	4	71	100
6-сынып	13	13	0	11	2	84	100
7-сынып	15	15	3	6	6	60	100
7-орыс	1	1	0	0	1	0	100
8«а» -сынып	11	11	2	8	1	91	100

8«ә» -сынып	6	6	2	3	1	83	100
10-сынып	10	10	3	5	2	80	100

2025-2026 оқу жылында қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында ұйымдастырылып, 5-8,10 сынып оқушылары толықтай емтиханға қатысты.Жалпы білім сапасы 67 %.

4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

2026 жылы 14 күні қазан 4,9-сыныптардың білім алушыларынан білім, білік, дағдыларын тексеру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті қатысуымен компьютерлік тест алынды.

2022 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің №486 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығының 2 тарау 8-тармақшасына сәйкес бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына онлайн түрде телеграм канал арқылы сауалнама өткізілді.

Шарбақты жалпы орта білім беру мектебінде «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтағы» сауалнаманы негізге ала отырып, **білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін,** 2026 жылдың қазан айында педагогтергмен, ата-аналармен, білім алушылармен сауалнама өткізілді.

4-9 сынып ата- аналарынан алынған сауалнама нәтижелері https://t.me/+Uh4_wCvQ0LIyY2Vi

№	Сұрақтар тізбесі	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
1	Менің балам мектепке қуана барады	4%	0%	0%	81%	15%
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	0%	0%	0%	85%	15%
3	Мектеп сапалы білім береді	0%	0%	0%	81%	19%
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	4%	0%	4%	85%	7%
5	Мұғалімдер біздің баланың оқу жетістіктерін әділ бағалайды	0%	0%	7%	74%	19%
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктемейді	0%	0%	4%	88%	8%
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	0%	3%	4%	78%	15%
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	4%	0%	0%	85%	11%

9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	4%	4%	4%	66%	22%
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	4%	0%	0%	66%	33%
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	4%	0%	0%	78%	18%
12	Мен мектеп асханасы/ буфет жұмысымен қанағаттанамын	0%	0%	4%	81%	15%
13	Педагогтер педагогикалық этика нормаларын сақтайды	4%	0%	0%	82%	14%
14	Менің балам мектепте қауіпсіз	0%	0%	0%	79%	21%
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	4%	0%	7%	75%	14%
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	4%	0%	0%	75%	21%
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	0%	0%	0%	82%	18%
	Барлығы	2%	0,4%	2%	78,3%	16,8%

4-9 сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижелері
https://t.me/+D0xheWCmYY4xYTQy

№	Сұрақтар тізбесі	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	0%	0%	0%	72%	28%
2	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	0%	0%	0%	78%	22%
3	Біздің мектеп мұғалімдерінен қиын жағдайда көмек пен кеңес алуға болады	0%	0%	0%	87%	13%
4	Сабақта мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	0%	0%	0%	66%	34%
5	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес,менің білімімді бағалайды	0%	0%	0%	34%	66%
6	Мектепте жиі шаршаймын	0%	100%	0%	0%	0%
7	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін	0%	0%	0%	72%	28%
8	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	0%	0%	0%	78%	22%
9	Мен өз құқығымды білемін	0%	0%	0%	78%	22%
10	Мен үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге	0%	3%	0%	91%	6%

	барамын					
11	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	0%	0%	0%	94%	6%
12	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	0%	0%	0%	94%	6%
13	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	0%	0%	0%	62%	38%
	Барлығы	0%	8%	0%	75,2%	22,3%

4-9 сынып мұғалімдерінен алынған сауалнама нәтижелері
https://t.me/+h-AbTVODidhlNjYy

№	Сұрақтар тізбесі	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	0%	0%	0%	50%	55%
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	0%	0%	0%	33%	67%
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	0%	0%	0%	50%	50%
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	0%	0%	0%	56%	44%
5	Мектеп оқушылар апрасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	0%	0%	0%	44%	56%
6	Мен мектептің оқу материалдық базасына қанағаттанамын	0%	0%	0%	64%	41%
7	Ұжымда қолайлы моральдық – психологиялық ахуал бар	0%	0%	0%	67%	33%
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	0%	0%	0%	56%	44%
9	Әріптестер көмектесуге әр қашан дайын	0%	0%	0%	52%	52%
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынады	0%	0%	5%	67%	28%

11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	0%	0%	0%	72%	33%
12	Мектепте педагогтерді көтермелеу әдістері белгіленген	0%	0%	6%	82%	12%
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	0%	5%	0%	70%	29%
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	0%	0%	0%	65%	35%
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын	0%	0%	6%	61%	33%
	Барлығы	0%	0,3%	1,1%	59%	40,8%

Мектепалды сынып

Ата-аналарынан алынған сауалнамалар нәтижелері https://t.me/+n0az70ow8JljYjAy

№	Сұрақтар тізбесі	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	0%	0%	0%	100%	0%
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	0%	0%	0%	100%	0%
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	0%	0%	0%	100%	0%
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының қызметіне қанағаттанасыз	0%	0%	0%	100%	0%
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	0%	0%	0%	100%	0%
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	0%	0%	0%	100%	0%
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	0%	0%	0%	100%	0%
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	0%	0%	0%	100%	0%

9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	0%	0%	0%	100%	0%
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	0%	0%	0%	100%	0%
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	0%	0%	0%	100%	0%
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	0%	0%	100%	0%	0%
	Барлығы	0%	0%	10%	90%	0%

Мектепалды сынып тәрбиешілерінен алынған сауалнамалар нәтижелері
https://t.me/+FGQYF3XsaoI2ZTg6

	Сұрақтар тізбесі	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	0%	0%	0%	0%	100%
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	0%	0%	0%	0%	100%
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	0%	0%	0%	0%	100%
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	0%	0%	0%	0%	100%
5	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	0%	0%	0%	0%	100%
6	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	0%	0%	0%	0%	100%

7	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	0%	0%	0%	0%	100%
8	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	0%	0%	0%	0%	100%
9	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	0%	0%	0%	0%	100%
10	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	0%	67%	0%	0%	100%
11	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	0%	0%	0%	0%	100%
12	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	0%	0%	0%	0%	100%
13	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	0%	0%	0%	0%	100%
14	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	0%	0%	0%	0%	100%
15	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	0%	0%	0%	0%	100%
16	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	0%	0%	0%	0%	100%
17	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	0%	100%	0%	0%	0%
	Барлығы	0%	10%	0%	0%	90%

Қорытынды: Оқушылардың мектепке, білімге деген көзқарастары өте жақсы. Сабақта өздерін еркін ұстап,өз ойларын ашық айта алады. Мектептегі моральдық- психологиялық ахуал жағымды. Балалар өз мектеперін жақсы көреді және осы мекепте білім алып жатқандарына мақтан етеді. Мектепи өміріне, мектептен тыс іс- шараларға белсене қатысады.

Мұғалімдер үшін қолайлы орта жасалған, материалдық техникалық базаны қанағат тұтады, педагогикалық әдеп нормаларын сақтайды.

Ата аналар мектептің жұмысына оң баға берді, бірақ мектеп өміріне белсенді қатыспауларын белгілеген ата- аналар бар.

Ұсыныс: Ата-ана мен мектеп арасында ынтымақтастық ортаны одан әрі нығайту.

Мектептен тыс іс- шараларға ата- аналарды жиі қатыстыру.

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы сәйкес сақталған.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

2024-2025 оқу жылында каникул кезеңдері 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомостволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығымен бекітілген:

оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-10- сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

2025-2026 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

2026-2027 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл мәліметтер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 29 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығына сүйенеді.

Аталған бұйрық 2026–2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, тоқсандардың ұзақтығын, сондай-ақ мектеп оқушыларының жылдық демалыс кестесін ресми түрде айқындайды.

ШАРБАҚТЫ ЖОББ МЕКТЕБІНІҢ КІТАПХАНАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

2026–2027 оқу жылының басындағы ресми статистикалық мәлімет

№	Көрсеткіштер	Саны
1	Мектеп кітапханаларының саны	1
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтары, көркем әдебиет)	11 116
3	Оның ішінде оқулықтары	4 655
4	Қордың өсуі	357
5	Жаңа буын оқулықтар саны	207
6	Оқырмандар саны	216
7	Кітапханаға оқырмандар бару саны	326
8	Қазақ тіліндегі кітаптар саны	3 320
9	Кітап беру саны	2 386
10	Кітапханалық білімі бар кітапханашылар саны	1
11	Оқу залдарының саны	0
12	Кітапхана ауданы (шаршы метр)	67,5
13	Электронды оқулықтар	164

Кітапхананың жалпы сипаттамасы

Мектеп кітапханасы – білім алушылардың оқу сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін, ұлттық сана-сезімін және рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасы. Кітапхана оқушылар мен педагогтерге оқу үдерісіне қажетті ақпараттық, әдістемелік және көркем әдебиеттерді ұсынады, кітап оқуға қызығушылықты арттыруға бағытталған мәдени-ағартушылық жұмыстар жүргізеді.

Кітапхана мектептің екінші қабатында орналасқан, жалпы көлемі 67,5ш.метрлік бір бөлмеден тұрады. Кітап сақтайтын орын және оқырмандар жұмыс істейтін орын боп екіге бөлініп бейімделген.

Оқу орны 12 адамға есептелген, кітапханада бір компьютер бар. Кітап қорының көлемі – 11116 дана. Кітапхана қоры көркем әдебиеттен, оқулықтардан, энциклопедиялардан, сөздіктерден, анықтамалықтардан және электрондық оқу материалдарынан тұрады.

Кітапхананың кітап сөрелерінде кітаптар КБЖ (ББК) бойынша орналасқан , тақырыптық көрмелер ұйымдастырылады, Қазақстан тарихы, мемлекеттік рәміздер, ұлттық мәдениет, Абай мұрасы, қазақ әдебиеті және балалар әдебиеті бағытында кітаптар жеке-жеке ұсынылады. Көрнекіліктер мен кітап композициялары кітапхана кеңістігін оқушыға тартымды етіп, кітапты еркін таңдауға және мазмұнмен танысуға мүмкіндік береді.

Негізгі мақсаты

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, адалдықты, отаншылдықты, жауапкершілікті, еңбекқорлықты бағалайтын, өз ойын еркін жеткізетін және ақпаратты саналы пайдалана алатын тұлға тәрбиелеуге кітап оқу мен кітапханалық қызмет арқылы үлес қосу.

Негізгі міндеттері

· оқушылардың тұрақты оқу дағдысын қалыптастыру және көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру;

· мемлекеттік тілге, қазақ әдебиетіне, ұлттық тарих пен мәдени мұраға құрмет сезімін дамыту;

· «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары мен жобаларын кітапханалық іс-шараларға кіріктіру;

· оқулықтар мен кітаптарды ұқыпты пайдалану, қоғамдық мүлікке жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру;

· оқушылардың ақпарат іздеу, дереккөзді бағалау, цифрлық қауіпсіздік және академиялық адалдық дағдыларын дамыту;

· педагогтермен, сынып жетекшілерімен, ата-аналармен және оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымымен бірлескен жұмыстар жүргізу;

· кітап көрмелері, библиографиялық шолулар, оқырман кездесулері, әдеби викториналар және танымдық іс-шаралар ұйымдастыру.

Кітапхананың материалдық қоры мен қызметі

Кітапханадағы кітаптар мен оқулықтар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай орналастырылады. Оқулықтар қоры бастауыш, орта және жоғары сыныптар бойынша жүйеленеді. Қордың есебі, оқырман формулярлары және есеп кітаптары кітапханалық жұмыстың негізгі бөлігін құрайды. Мектебіміздің 1–11-сынып оқушылары оқулықтармен 100 % қамтылған. Бұл көрсеткіштер әр оқу жылының нақты есебімен қайта тексеріліп, жаңартылып отырады.

Оқулықтарды сақтау бойынша оқу жылының басында тарату кезінде және оқу жылының соңында қабылдау кезінде тексеру жүргізіледі. Кітапханашы мен сынып жетекшілері оқулықтардың жағдайын бақылап, оқушыларға кітапты таза ұстау, парақтарын, мұқабасын сақтау және уақытында қайтару жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Кітапхана педагогтерге пән апталықтарын, сынып сағаттарын және мектепішілік іс-шараларды өткізуге қажетті әдебиеттер мен көрнекі материалдарды таңдауға көмектеседі. Оқырмандармен жеке жұмыс, кітапханаға алғашқы экскурсия, жаңа түскен кітаптарға шолу, тақырыптық көрмелер және ата-аналармен бірлескен оқу шаралары ұйымдастырылады.

Кітапхана кеңістігін жаңарту және тақырыптық ұйымдастыру

2024 жылдан бастап 2026–2027 оқу жылын қоса алғанда кітапхана кеңістігін мазмұндық тұрғыдан жаңарту жұмысы кезең-кезеңімен жалғастырылатын бағыт ретінде қарастырылады. Ұсынылған фотосуреттерде кітап сөрелерінің тақырыптық безендірілуі, ұлттық нақыштағы көрнекіліктер, Қазақстан туралы басылымдар, Абай шығармашылығына арналған кітаптар, балаларға арналған әдебиеттер және мерейтойлық, тақырыптық көрме элементтері байқалады.

Кітапхана қорын ұсыну кезінде кітаптарды тақырып бойынша топтастыру, сөре белгілерін түсінікті орналастыру, оқырман назарын аударатын шағын кітап композицияларын жасау және мерекелік күндерге сай көрмелерді алмастырып отыру маңызды. Бұл тәсілдер оқушыға қажетті кітапты табуды жеңілдетіп, кітапхананы тек кітап сақтайтын орын емес, оқу мен шығармашылыққа ынталандыратын орта ретінде қалыптастырады.

«Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын кітапхана жұмысына кіріктіру

2025–2026 оқу жылынан бастап «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы тәрбие жұмысы алты негізгі құндылыққа сүйенеді: тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік және ынтымақ; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; жасампаздық және

жаңашылдық. Кітапхана осы құндылықтарды кітап көрмелері, оқырман кездесулері, әдеби талқылаулар, зерттеу тапсырмалары және әлеуметтік жобалар арқылы қолдауға мүмкіндік береді. Бағдарлама мен жобалардың атаулары ресми ақпараттық материалдар негізінде алынды.

Тәуелсіздік және отаншылдық. «Менің Отаным – Қазақстан», «Тәуелсіздік шежіресі», «Қазақстанның көрнекті тұлғалары» тақырыптарындағы кітап көрмелері; мемлекеттік рәміздер, ел тарихы мен туған өлке туралы әдебиеттерге шолу.

Бірлік және ынтымақ. Достық, татулық, өзара құрмет тақырыбындағы ертегілер мен әңгімелерді оқу; «Бір кітап – бір сынып» талқылауы; көпшілік оқуға және бірлескен шығармашылыққа арналған іс-шаралар.

Әділдік және жауапкершілік. Адалдық, ар-ұят, уәдеге беріктік туралы шығармаларды талдау; кейіпкерлердің әрекетін бағалау; кітап пен оқулықты ұқыпты пайдалану, алған кітапты уақытында қайтару мәдениетін қалыптастыру.

Заң және тәртіп. Кітапхана ережелерімен таныстыру; авторлық құқық, ақпаратты дұрыс пайдалану, киберқауіпсіздік және академиялық адалдық туралы түсіндіру; құқықтық тақырыптағы әдебиеттерді таныстыру.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Әртүрлі мамандықтар туралы кітаптар мен өмірбаяндық әдебиеттер көрмесі; еңбегімен жетістікке жеткен тұлғалар туралы оқу; кітапханадағы ерікті көмек пен кітап қорын реттеуге оқушыларды қатыстыру.

Жасампаздық және жаңашылдық. Оқырман күнделігін, кітап буктрейлерін, кітап белгісін, шағын постерлер мен цифрлық таныстырылымдарды әзірлеу; жаңа кітаптарды таныстырудың шығармашылық форматтарын қолдану.

Бағдарламаның жобаларын кітапхана жұмысына енгізу

«Балалар кітапханасы» – Оқуға қызығушылық қалыптастыруға тікелей бағытталған негізгі жоба. Жас ерекшелігіне сай кітап тізімдерін ұсыну, оқырман марафоны, «Аптаның үздік оқырманы», кітап талқылауы, дауыстап оқу және кітап кейіпкерлері күні сияқты жұмыстар ұйымдастырылады.

«Қамқор» – Кітап алмасу, кітапхана қорын күтіп ұстау, ескі кітапты қалпына келтіру бойынша шағын акциялар, экологиялық мазмұндағы әдебиеттер көрмесі және «Қағазды үнемдейік» ақпараттық бұрышы арқылы қамқорлық пен экологиялық мәдениетті дәріптеу.

«Еңбегі адал – жас өрен» – Жазушылар, кітапханашылар, баспагерлер және басқа мамандық иелері туралы әдебиеттерді таныстыру; «Кітап қалай жасалады?» тақырыбында танымдық кездесу не таныстырылым өткізу; еңбек пен кәсіби таңдау туралы кітаптар көрмесін ұйымдастыру.

«Шабыт» – Поэзия сағаттары, мәнерлеп оқу, жас оқырмандардың сурет және қолөнер көрмесі, кітап кейіпкерлерін сахналау, ақын-жазушылар шығармашылығына арналған әдеби кештер өткізу.

«Ұшқыр ой алаңы» – Оқылған шығарма бойынша пікірталас, әдеби викторина, кітап кейіпкерінің шешімін талдау, «Кітаптан тап» зерттеу ойыны және дәлелді пікір айтуға үйрететін талқылаулар ұйымдастыру.

«Smart Bala» – Оқушыларды цифрлық шығармашылыққа тарту: кітапқа QR-код арқылы қысқаша таныстырылым дайындау, электрондық кітапхана ресурстарымен жұмыс істеу, цифрлық постер немесе буктрейлер жасау. Қолданылатын ресурстардың қауіпсіздігі мен авторлық құқық талаптарын сақтау.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» және алдын алу бағыттары – Ақпараттың шынайылығын тексеру, жеке деректерді қорғау, кибербуллингтің алдын алу, интернеттегі әдеп және қауіпсіз іздеу туралы кітапхана сағаттарын өткізу; сенімді дереккөздерді таңдау дағдыларын дамыту.

Оқу жылдары бойынша жұмыс сабақтастығы

2024–2025 оқу жылы

Бұл кезең кітапхана қоры мен оқырманға қызмет көрсетудің дәстүрлі бағыттарын жүйелеу, кітап пен оқулықты ұқыпты пайдалану мәдениетін дамыту, мемлекеттік тіл мен ұлттық әдебиетке қызығушылықты қолдау кезеңі ретінде сипатталады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының сол кезеңде қолданылған атауы мен мазмұнын ескере отырып, патриоттық, рухани-адамгершілік, еңбек және оқырмандық тәрбие бағыттарын кітап көрмелерімен, әдеби шолулармен және сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетумен байланыстыру ұсынылады.

2025–2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының алты құндылығын кітапхана жұмысына жүйелі кіріктіру кезеңі. Тақырыптық көрмелерді құндылықтармен сәйкестендіру, «Балалар кітапханасы» жобасын басым бағыт ретінде дамыту, оқырман талқылаулары мен кітап таныстырылымдарын ұйымдастыру, кітапхананың көрнекі ортасын ұлттық мәдениет пен оқуға қызығушылықты

насихаттайтын материалдармен толықтыру көзделеді.

2026–2027 оқу жылы

Бұл оқу жылына төмендегі жұмыстар жоспарлы бағыт ретінде ұсынылады; оларды орындалған іс-шара ретінде есепке алу үшін нақты өткізу деректерімен толықтыру қажет. Жұмысты алты құндылық және бағдарлама жобалары бойынша жылдық жоспарға енгізіп, әр тоқсанның соңында нәтижесін талдау ұсынылады.

· «Балалар кітапханасы» аясында әр сыныптың жас ерекшелігіне сәйкес оқу тізімдерін әзірлеу және оқырман белсенділігін бақылау;

· «Мен оқыған кітап» оқырман күнделігін немесе шағын таныстырылымын жүргізу;

· ай сайынғы тақырыптық кітап көрмелерін «Адал азамат» құндылықтарының біреуімен байланыстыру;

· «Ұшқыр ой алаңы» аясында шығармалар бойынша пікірталас пен әдеби викториналар өткізу;

· «Шабыт» жобасы аясында поэзия, мәнерлеп оқу және кітап кейіпкерлеріне арналған шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру;

· «Қамқор» жобасы аясында кітапты күтіп ұстау, кітап алмасу және экологиялық сауаттылыққа арналған акциялар өткізу;

· «Smart Bala» бағытымен кітапқа цифрлық таныстырылым, QR-код, постер немесе буктрейлер дайындау жұмыстарын қолдау;

· «Еңбегі адал – жас өрен» бағытымен мамандықтар, еңбек адамдары және кітап шығару үдерісі туралы танымдық жұмыстар жүргізу;

· ата-аналарды отбасылық оқу сағаттарына және «Отбасымен бірге оқимыз» бастамасына тарту;

· оқулықтарды сақтау мониторингін жүргізіп, нәтижесін сыныптар бойынша талдау;

· жыл соңында оқырман белсенділігі, өткізілген іс-шаралар, кітап қорының жаңаруы және жобалар нәтижесі бойынша қорытынды есеп әзірлеу.

Күтілетін нәтижелер

· оқушылардың кітап оқуға және кітапханаға келуге қызығушылығы артады;

· ұлттық әдебиетке, тарихқа, мәдени мұраға және мемлекеттік тілге құрмет нығаяды;

· оқушылардың адалдық, жауапкершілік, ынтымақ, еңбекқорлық және отаншылдық туралы түсінігі тереңдейді;

· ақпаратты іздеу, дереккөзді бағалау, цифрлық қауіпсіздік және академиялық адалдық дағдылары дамиды;

· кітап пен оқулықты сақтау мәдениеті қалыптасып, кітапхана кеңістігі оқуға ынталандыратын орта ретінде дамиды;

· мектеп, кітапхана, мұғалім және отбасы арасындағы ынтымақтастық күшейеді.

Қорытынды

Мектеп кітапханасы – білім мен тәрбиені ұштастыратын маңызды орта. Кітап қорын мазмұндық тұрғыдан таныстыру, ұлттық мұраны дәріптейтін тақырыптық көрмелерді жаңартып отыру, оқырман белсенділігін қолдау және «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары мен әлеуметтік жобаларын кітапханалық іс-шараларға кіріктіру арқылы оқушылардың кітап оқу мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін және шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасалады. 2026–2027 оқу жылындағы жоспарланған жұмыстардың нәтижелері оқу жылы соңында нақты көрсеткіштермен толықтырылып, қорытынды есепте көрсетіледі.

Оқу-тәрбие жұмысы
2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылы

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы келесі құжаттардан тұрады:

1) №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019 ж. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2) Қазақстан Республикасының Конституциясы 15.03.2026 ж.;
3) Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі;
4) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5) Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6) Қазақстан Республикасының «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы;
7) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8) Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 200 қаулысы
9) 2026 – 2030 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 56 қаулысы
10) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы
11) №591«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 09.07.2004 ж.
12)№726 «"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы» 12.10.2021 ж.
13) № 249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 28.03.2023 ж.
14) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылдың 30 шілдесінде бекітілген № 194 бұйрығы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы (ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен,11.12.2025 № 281 бұйрығымен толықтырулар, өзгертулер)
15) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі «Мектепке дейінгі, орта, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің білім беру процесіне «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізу туралы» 2024 жылғы 18 қыркүйектегі №263 бұйрығы
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;
- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

Тәрбие жұмысы келесі бағыттарға сәйкес құрылады:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

2024 -2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» көрсетілген ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.

Баланың жетістігі - баланы әлеуметтендірудің қажетті шарты;

Оқушылардың жетістігі - оқушылардың психологиялық әл-ауқатының қажетті шарты және олардың денсаулығының негізі;

Оқушының жетістігі - әр түрлі қызмет түрлерінде (шығармашылықта, спортта, ғылымда және т. б) білім алушының нақты жетістіктерінің нәтижесі.

Жетістік - білім алушылардың өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі тануының негізі. Тәрбие процесін қамтамасыз етудің негізгі құралдары:

- ата-аналармен жұмыс;
- сынып ұжымымен жұмыс;
- жалпымектептік ұжымдық;
- шығармашылық іс-шаралар;
- үйірме қызметі;
- спорттық-сауықтыру қызметі;
- мерекелер, концерттер, фестивальдер.

Тәрбие формаларын таңдау төмендегілерге негізделген:

- педагогикалық мақсаттылық;
- білім алушылардың жас ерекшеліктерін;
- балалар ұжымының даму ерекшеліктерін және оның дәстүрлерін талдау;
- тәрбиенің өңірлік компонентін есепке алу;
- мектептің техникалық және материалдық мүмкіндіктері;

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жетістіктері мен мәселелері ***педагогикалық кеңес*** отырысында үнемі қаралып отырады: Педагогикалық кеңестер балалардың адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытты ұйымдастыру және азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған сынып жетекшілерінің, білім беру процесінің барлық қатысушыларының жұмыс тәсілдерін, әдістері мен формаларын қолдану бойынша ұжымның жұмысын талдайды т. б.

Негізгі мақсат – өскелең жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларын бұлжытпай орындау және Ата заңымызды сыйлау рухында тәрбиелеу, мемлекет пен қоғам ісіне саналы түрде белсенділікпен қатысып, өз Отанын әрқашан қорғауға дайын болуға тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие құндылықтары мен әдіснамалық негізге ала отырып, Төсағаш ауылының негізгі орта мектеп оқушыларын тәрбиелеуде ең алдымен оқушы бойына патриоттық тәрбие беруден басталады.

Бірнеше жыл ішінде мектепте қызықты, шығармашылық істер, оның негізгі компоненттері төңірегінде құрылған өзіндік білім беру *жүйесі қалыптасты:*

Қыркүйек – "Білім күні", "Қамқорлық"акциясы, "Денсаулық күні", жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары , Қазақстан халқының “Тілдер күніне” арналған апталық;

Қазан - "Мұғалімдер күні", "Өзін-өзі басқару күні", "Еңбек күні", "Мейірімділік күні, «Алаш азаматтарын ұлықтау айы;

Қараша – "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық науқаны, "Бала құқығы-адам құқығы", "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!», «Поэзия;

Желтоқсан –«Қазақстан – ұлы дала елі»; ***Қаңтар*** – «Жомарт жүрек», «Ұлттық код»; ***Ақпан*** – «Оқуға құштар»,

Наурыз - "Алғыс айту күні", Халықаралық әйелдер күні, Азаматтық қорғаныс күні, «Ұлттық салт – дәстүрлерді»дәріптеу;

Сәуір - "Жасыл аула" эко-акциясы, «Экологиялық мәдениет»;

Мамыр - "Қазақстан халқының бірлігі күні",»Бейбітшілік пен татулық», Жеңіс мерекесіне арналған іс-шаралар, "Мектеп мақтанышы" салтанатты жиыны, "Соңғы қоңырау" мерекесі; ***Маусым*** – «Балаларды қорғау күні», ҚР Мемлекеттік рәміздері күні, "Бітіру кеші".

Негізгі тәрбие жұмысының басты мақсаты: Оқушылар бойында өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыра отырып, елін, Отанын сүюге және егемен елімізді сақтауға және оны гүлдендіруге құштар патриоттық күш – қуатты тәрбиелеу. Оқушылардың бойында адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Міндеттері:

1. Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік сервисті жетілдіру, сынып жетекшілер мен оқушыларды шығармашылық ізденіске ынталандыру;

2. Тәрбие жұмысын дамытудағы стратегиялық бағыттарды анықтау, тәрбие ұйымдастырушыларының қызметін үйлестіру;

3. Кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік серіктестікке қабілеті бар оқушы тұлғасының қалыптасуына, дамуына, өзін-өзі жүзеге асыруына және әлеуметтік бейімделуіне оптималды жағдайлар жасау.

Оқу жылының мектепішілік тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде құрастырылды. Жылдық жұмыс, жоспарға сай өткізілуде:

Білім беру жүйесі өзінің дамуында тәрбиенің негізгі принциптеріне сүйенеді:

- гуманизм, демократия, төзімділік, индивидуализм, орындылығы, үздіксіздік.

8 бағыт бойынша Тұжырымдаманы іске асыру барысында тәрбие қызметін ұйымдастыру.

Тәрбие жұмысы

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Оқу сабақтарын ұйымдастыру, сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысының негізгі формасы тәрбие жүйесінде тәрбиелік ықпалдар біртұтас оқу-тәрбие процесіне біріктірілген оқу кешеніне айналатын сабақ болып қала береді. Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда мектеп азаматтық-патриоттық тәрбие беру мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға жетекші рөл атқарады. Мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру бойынша іс – шаралар жоспарын әзірледі, оған "Тәрбие және білім" кіші бағдарламасының базалық бағыттары бойынша іс-шаралар кіреді, оған

"Сананың ашықтығы**",** " Білімнің салтанат құруы **",** " Прагматизм ", бағыттары кіреді.

"Тәуелсіз Қазақстанның рәміздері" сынып сағаттарында оларға құрметпен қарауға тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Мектептің фойесінде ҚР Мемлекеттік рәміздері көрсетілген. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу үнемі басты назарда ұсталады. Мектептегі салтанатты жиындарда ҚР Әнұраны ойналып, оқушылар, ата-аналар, ұстаздар рәміздерді құрметтейді Рәміздер туралы апталықтарда тәрбие сағаттары, викториналық сұрақтар, лекциялар жүргізіледі. Мектеп ұжымына жалпыға құқықтық білім беру мақсатында ҚР Конституциялық заңы аясында «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы» атты зияткерлік сабақ өткізілді.

Жыл сайын мемлекеттік мерекелерді үлкен дайындықпен өткізеді. Әрбір жаңа оқу жылында 1 қыркүйек – Білім күні 1-11 сынып оқушыларына арналған «Алғашқы қоңырау» салтанаты және барлық сыныптарда алғашқы сабақ өткізіледі. білім алушылардың өз Отанына деген азаматтық, отаншылдық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуге, тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, туған өлкесінің табиғатына ұқыпты қарауға, қазіргі Қазақстанның жетістіктерін мақтан тұтуға ықпал етті. Азаматтық және Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу педагогтердің сабақтарында, сынып сағаттарында, сыныптан тыс жұмыстарында көрініс табады.

Рухани адамгершілікке тәрбиелеу

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

1-қазан карттар күніне арналған мерекелік бағдарлама, тәрбие сағаттары «Карттарым-асыл қазынам!», 5 қазан – Мұғалімдер Күні Ұстаздар күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Онда жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып пен ұстаздарға сабақ беріп, «Ұстазым менің, ұстазым» концерттік бағдарлама, өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды.атты мерекелік ән шашуларын тарту етті. «8 наурыз – Халықаралық әйелдер» күні мерекесіне орай 5 наурыз күні мектебімізде «Ана-гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы» тақырыбында мерекелік концерт өтті.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

«Қазақстан –бақытымның ордасы» атты онлайн-экскурсия, мектеп кітапханашысы «Оқуға құштар» жобасы аясында - тақырыптық көрмелер, кітапханалық сағаттар өткізді. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Бір шаңырақ астында» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.

Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Ата-аналардың мектеппен байланысын күшейту.

Оқу жылында ата-аналармен «Отбасы –бақыт бесігі» атты іс-шара сонымен қатар тренинг ұйымдастырылды. «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» тақырыбында

5-9 сыныптардың ата-аналарымен жиналыс өткізілді.

Ата-аналардың мектеппен байланысын күшейту мақсатында "Даналық мектебі" клубы шеңберінде халқымыздың бойына ғасырлар сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі-өнеге алуға, қыз бала тәрбиесінде жеңге орнының ерекшелігін көрсету мен қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Зере» жеңгелер клубы ашылып, тренингтер, дөңгелек үстелдер, ұйыдастырылды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Аталмыш бағыт бойынша Облыстық «Экобум», жобалары жүзеге асырылуда.

«ЖЖЖИ»- жас инспекторлар жасақтарының жұмысы жеке жоспар бойынша ұйымдастырылуда, «Қауіпсіз мектеп» Республикалық акция, «Абайлаңдар балалар» сурет сайыстары өткізілді.

Жас өрт сөндірушілер жұмысы жас құтқарушылар жұмысымен бірге атқарылуда.

Әр жыл айын жоғарғы оқушылар арасынан «Мектеп президентіне» сайланып отырды және Мектеп парламент мүшелері де сайланып өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жүргізілді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Тілдер апталығына сай 1-11 сыныптарға тәрбие сағаттары, зияткерлік ойындар, сайыстар ұйымдастырылды.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты:Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

«Жас Ұлан» мектеп комитетінің интеллектуалдық викториналар, рөлдік ойындары, тренингтері өткізілді. «Мектеп тынысы» мектеп баспасының нөмірлері басылды.

Оқу жылының жалпыға бірдей білім беру заңына сәйкес мектебімізде құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстары бойынша қыркүйек айында біршама жұмыстар атқарылды. І тоқсанда 1 рет құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі өтілді.

